



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№1/183
3 қаңтар



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты отандастар!

Біз бірнеше минуттан кейін Жаңа жылды қарсы аламыз. Төл тарихымыздың тағы бір белесіне қадам басамыз.

Жұртымыз Жаңа жылды ерекше көңіл-күймен күтеді. Әр адам осы сәтте арман-тілегін айтады. Ескі жылдың ең әсерлі сәттерін еске алады. Болашаққа жоспар құрып, зор үміт артады.

2025 жыл халқымыз үшін мерейлі жыл болды. Еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Әлемдегі ахуал күрделі болса да, экономикамыз өркендеп, ішкі жалпы өнім 6 пайыздан асты.

Қазақстанның алтын-валюта қоры 62 миллиард доллардан асты. Елге ауқымды инвестиция тартып, бірқатар ірі жобаны жүзеге асырдық. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы. Сондай-ақ он үш мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделіп жатыр. Соның арқасында Қазақстанның транзиттік әлеуеті арта түсті.

Дикандарымыз екінші жыл қатарынан мол өнім алып, қамбаны астыққа толтырды. Ауылды және ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп жатырмыз. Шаруаларға бұрын-соңды болмаған қаржылай қолдау көрсетілді, яғни 1 триллион теңге осы мақсатқа жұмсалды.

Биыл жалпы аумағы 19 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Әлеуметтік салада көп шаруа жасалды. Жүзден астам мектеп, екі жүзге жуық денсаулық сақтау нысаны бой көтерді. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды.

Адам құқықтарын қорғауға баса мән беріліп жатыр. Қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидаты орныға түсті, азаматтарымыздың құқықтық сана-сезімі күшеюде.

Біз әр жетістікке жұртымыздың ерен еңбегінің арқасында жеттік. Азаматтарымыз білім, ғылым, мәдениет салаларында биік белестерді бағындырды. Олар халқымызды рухы асқақ, зияткер ұлт ретінде танытуға зор үлес қосты. Оқушыларымыз халықаралық білім сайыстарында топ жарды. Спортшыларымыз әлемдік додаларда үздік шықты, Көк туымызды желбіретті.



Биыл біз «Жұмысшы мамандықтары жылын» атап өттік. Еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсеттік. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мемлекет мұғалімдер мен дәрігерлерге жан-жақты қолдау көрсетті және осы саясат ұзақмерзімді стратегиялық сипатқа ие болды. Еліміздің мәдениет және ғылым қайраткерлеріне жан-жақты қолдау көрсетілді.

Адал еңбектің қадірін білетін ұлттың келешегі де жарқын болмақ. Өз кәсібін нағыз маманы болған отаншыл азаматтар еліміздің көшін алға бастайды.

Осылайша, XXI ғасырдың бірінші ширегін абыроймен аяқтадық. Экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша Қазақстан осы саяси-географиялық кеңістікте көш бастады.

Бәріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құрып жатырмыз.

Енді, міне жылқы жылына аяқ басқалы тұрмыз.

Қазақ үшін қазанаттың орны қашанда бөлек. Халқымыз «Жылқы жылы жайлы болады» деп ырымдайды. Біз келесі жылдан көп жақсылық күтеміз. Өркениетті ұлт ретінде алысқа көз тігеміз. Алға қойған биік мақсатымыз және нақты жоспарымыз бар.

2026 жылы Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басады.

Еліміздің жарқын келешегі үшін алдағы конституциялық реформаның мән-маңызы зор. Азаматтарымыз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тың серпін беретін бұл реформаны қолдайды деп сенемін.

Біз энергетикалық әлеуетімізді нығайтып, агроөнеркәсіп кешені, су

шаруашылығы мәселелерін шешіп, көлік-логистика саласын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын дамыта береміз.

Шағын және орта бизнес әрдайым мемлекеттің назарында болады. Барлық өңірде жаңа кәсіпорындар ашылып, жолдар жөнделеді, сондай-ақ тұрғын үйлер, мектептер, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандары бой көтереді.

Мен биылғы Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан келесі жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ.

Өскеген ұрпаққа қамқорлық көрсету – басты міндетіміз. Менің бастамаммен жүзеге асырылып жатқан «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында осымен үшінші жыл қатарынан әр баланың есепшотына қаражат түседі. Мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындай береді. Біз білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуға әрдайым айрықша назар аударамыз.

Біз мемлекеттік маңызы айрықша «Таза Қазақстан» жобасын бір қоғам болып жүзеге асыра береміз.

Ауылдарымыз бен қалаларымыз таза, жасыл желегі мол әрі өмір сүруге қолайлы болуға тиіс.

Бұл Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай ел дамуына қосқан ең үлкен үлесіміз болмақ. Біз осы тарихи межені нақты іспен атап өтеміз.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидатқа негізделген қоғамдық келісім мен тұрақтылық –

барлық жетістігіміздің бастауы.

Мемлекет алдағы уақытта да халықаралық құқыққа және ұлт мүддесіне сай келетін сындарлы әрі байыпты сыртқы саясат жүргізеді.

Қазақстанның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Халықаралық еріктілер қозғалысы тілеуестік, мейірімділік сынды мызғымас адамгершілік құндылықтарын паш етеді. Бұл – біздің де халқымызға тән асыл қасиеттер.

Жаңа жылдың маңызды өзгерістерге толы жыл болары сөзсіз. Бұл өзгерістердің қаншалықты жемісті болатыны өзімізге байланысты.

Біз бәріміз табанды еңбек етуіміз керек, сонда ғана еліміз зор табыстарға жетеді. Бұл, ең алдымен, халқымызға қажет.

Қадірлі достар!

Дәл қазір Жаңа жылды жұмыста қарсы алып жатқан азаматтарымыз бар. Бұл – өз ісіне адалдық пен қоғам алдындағы жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Мен Сіздердің табанды еңбектеріңізді жоғары бағалаймын. Сіздерге арнайы құттықтауымды жолдаймын. Елімізді көркейтуге үлес қосып жүрген барша азаматқа зор алғыс айтамын.

Шын мәнінде, туған елге қызмет етуден артық бақыт жоқ. Халқымыз «Ынтымақ бар жерде – ырыс бар» дейді. Сондықтан берекелі бірлігімізді сақтап, біртұтас ұлт болып елімізді дамыта берейік. Бүгін осы ерекше сәтте жастар мен балаларға үндеу жолдағым келеді.

Қазір – мүлдем жаңа құбылыстар және зор мүмкіндіктер дәуірі. Өркім, ең алдымен, өзіне, бойындағы күші мен қабілетіне сенуі керек.

Ұлы Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі әрдайым өзекті. Белсенді, білімді, еңбекқор, тәртіпті, ұшқыр болыңыздар. Жолдарыңыз ашық болсын! Өрқашан алар асуларыңыз биік болсын!

Еліміздің әр азаматына зор денсаулық, амандық және табыс тілеймін!

Төрт құбыламыз түгел болсын! Өр шаңырақ жақсылыққа толсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін!

Отанымыз – Қазақстан Республикасы, Қазақ Елі жасай берсін! Жаңа жыл құтты болсын!

akorda.kz

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА БАС ШЫРШАНЫ ЖАҒУ РӘСІМІ ӨТТІ



Приозерск қаласының орталық алаңында Жаңа жыл мерекесіне арналған дәстүрлі бас шыршаны жағу рәсімі өтті. Мерекелік шараға қала тұрғындары мен қонақтары жиналып, көтеріңкі көңіл күйде жаңа жылды қарсы алды.

Салтанатты кеш барысында қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы құттықтау сөз сөйлеп, қала тұрғындарын келе жатқан Жаңа 2026 жылмен құттықтады. Өз сөзінде ол өткен жылдың қорытындыларына тоқталып, алдағы жылға зор үміт пен сенім білдірді, барша тұрғындарға амандық, береке және табыс тіледі.

Сондай-ақ, Жаңа жыл қарсаңында қуанышты жаңалықтармен бөлісіп, әлеуметтік осал санаттағы 3 отбасыға жаңа пәтердің кілтін салтанатты түрде табыстады. Бұдан бөлек, Орталық ауруханаға сырттан келген

дәрігер мамандар үшін қызметтік тұрғын үй ретінде 3 бөлмелі пәтердің кілті берілді. Бұл игі іс тұрғындардың зор ықыласына бөленді.

Мерекелік бағдарлама аясында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты театрландырылған қойылым, ән мен биден құралған концерт ұйымдастырылып, Аяз ата мен Ақшақар балаларға ерекше қуаныш сыйлады. Кештің шарықтау шегінде бас шыршаның шамдары жағылып, орталық алаң жарқыраған мерекелік кейіпке енді.

Шара соңында қала тұрғындары Жаңа жылдық отпашуды тамашалап, мерекелік көңіл күймен тарқасты.

Жаңа жыл әр шаңыраққа бақыт, молшылық пен игілік әкелсін!

*Приозерск қаласы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

БАТЫР БАБА-БАУЫРЖАН

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫ, КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫ, СТРАТЕГ ЖӘНЕ ТАКТИК, ЖАЗУШЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 115 ЖЫЛ

Қазақ халқының қаһармандық шежіресінде есімі алтын әріппен жазылған тұлғалардың бірі – батыр баба Бауыржан Момышұлы. Ол – Ұлы Отан соғысында теңдессіз ерлік көрсеткен даңқты қолбасшы, қайсар жауынгер ғана емес, ұлттық рухты, отансүйгіштікті ұрпақ санасына сіңіре білген кемеңгер тұлға.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. Соғыс жылдарында Мәскеу түбіндегі шайқастарда ерекше ерлігімен көзге түсіп, дивизия командирі ретінде әскери шеберліктің биік үлгісін көрсетті. Оның батылдығы мен батырлығы жайлы аңызға бергісіз оқиғалар халық жадында мәңгі сақталды.

Батыр бабаның ерлігі – тек қарумен ғана емес, рухпен жасалған ерлік. Ол жауынгерлерін темірдей

тәртіпке, елге, жерге деген шексіз сүйіспеншілікке тәрбиеледі. «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген қанатты сөзі бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ.

Соғыстан кейінгі жылдары Бауыржан Момышұлы қаламгер ретінде де танылды. Оның «Ұшқан ұя», «Артымызда Москва», «Соғыс психологиясы» сынды еңбектері – әскери-патриоттық тәрбие беретін құнды мұра. Бұл шығармалар жас ұрпақты ерлікке, елін сүйуге, намысты биік ұстауға үндейді.

Осыған орай кітапхананың «Білім» орталығында Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай 06708 әскери бөлімінің сарбаздарының қатысуымен «Батыр баба-Бауыржан» атты тарихи-патриоттық кеш өткізілді. Мақсаты: Халқымыздың аты аңызға айналған

В ПРИОЗЕРСКЕ СОСТОЯЛАСЬ ЦЕРЕМОНИЯ ЗАЖЖЕНИЯ ГЛАВНОЙ ЁЛКИ ГОРОДА



На центральной площади города Приозерска состоялась традиционная церемония зажжения главной новогодней ёлки. В праздничном мероприятии приняли участие жители и гости города, которые в приподнятом настроении встретили наступающий Новый год.

С поздравительной речью выступил аким города Ахметов Мансұр Талғатович. Он поздравил приозерцев с наступающим Новым 2026 годом, подвёл итоги уходящего года, выразил уверенность в дальнейшем развитии города и пожелал всем крепкого здоровья, благополучия и успехов.

В преддверии Нового года были озвучены и радостные новости. Трём семьям из числа социально уязвимых категорий населения в торжественной обстановке были вручены ключи от новых квартир. Кроме того, для врачей Центральной больницы, прибывших из других регионов, была

предоставлена служебная трёхкомнатная квартира. Эти добрые инициативы были тепло встречены жителями города.

Праздничная программа включала театрализованное представление «Добро пожаловать, Новый год!», концерт с участием творческих коллективов, а также выступление Деда Мороза и Снегурочки, которые подарили детям радость и незабываемые эмоции.

Кульминацией вечера стало зажжение огней главной ёлки, после чего центральная площадь засияла в праздничном убранстве.

В завершение мероприятия жители города насладились новогодним фейерверком и разошлись с отличным праздничным настроением. Пусть Новый год принесёт в каждый дом счастье, достаток и благополучие!

*Пресс-центр акимата города
Приозерск*

ны ерекше айтылды. Тарихи сағат жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім қалыптастыруға зор ықпал етті.

Бауыржан Момышұлы – әділдікті ту еткен, турашыл мінезімен ерекшеленген дара тұлға. Ол қандай жағдайда да ұлттық болмысты, ана тілін, салт-дәстүрді қорғап өтті. Батырдың өмір жолы – бүгінгі және келер ұрпақ үшін өшпес өнеге, таусылмас рухани қазына.

Батыр баба Бауыржанның есімі – ерліктің символы, ұлт рухының темірқазығы. Оның өнегелі өмірі мен қаһармандық жолы мәңгі ел жадында сақталып, жас ұрпақтың бойына патриоттық рух дарыта бермек.

*«Приозерск қалалық
кітапханасы» к.м.м. оқу бөлімінің
кітапханашысы Болысбек Ұ.О.*

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXVI СЕССИЯСЫ



2025 жылғы 29 желтоқсанда VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXVI сессиясы өтті. Сессия жұмысына қала әкімінің орынбасары Темірхан Айдарханұлы Айдарханов, мемлекеттік мекемелердің басшылары және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сессияның күн тәрті-

бінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, «Қарағанды облысының Приозерск қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» 2023 жылғы 27 маусымдағы № 6/42 қалалық мәслихат шешімінің күшін жою, сондай-ақ

қалалық мәслихат депутаты Е.Н. Абдурахмановтың депутаттық өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері талқыланды. Сонымен қатар қала әкімдігі жанындағы түрлі жұмыс комиссияларының құрамына қатысты мәселелер қаралды. Сессия қорытындысы бойынша қалалық мәслихат депутаттары ұсынылған ба-

рлық мәселелерді бірауыздан қолдап, тиісті шешімдер қабылдады. Сессия соңында мәслихат төрағасы Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлына алғысын білдіріп, алғыс хатпен марапаттап, алдағы уақытта толағай табыстар тіледі.

Приозерск қалалық мәслихаты

ВОПРОСЫ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ И ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РАССМОТРЕНЫ НА ЗАСЕДАНИИ МВК ПО ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Второй год подряд Казахстан собирает рекордный урожай зерновых. В 2025 году валовой сбор составил более 27,1 млн тонн. Впервые урожай масличных культур достиг 4,8 млн тонн. Валовой сбор картофеля составил 2,9 млн тонн, что на 300 тыс. тонн превышает уровень прошлого года.

Как отметил вице-министр сельского хозяйства Азат Султанов, объемы производства зерновых, бобовых, масличных и овощей полностью покрывают потребности внутреннего рынка и формируют экспортный потенциал.

В 2025 году на динамику цен на основные продукты питания существенное влияние оказали внешние факторы – мировая ценовая конъюнктура и логистические издержки. Наибольшее ценовое давление пришлось на мясную и молочную продукцию, а также на масла и жиры, что соответствует общемировым тенденциям. По данным ФАО, в ноябре индекс цен на мясо составил 124,6 пункта, на масла и жиры – 165%, на молочную продукцию – 137,5%. Наиболее выраженный рост в текущем году продемонстрировала говядина, что обусловлено высоким спросом на внешних рынках при многолетнем сдерживании цен на внутреннем рынке.

Начиная с середины года ценовая ситуация по социально значимым продовольственным товарам, подпадающим под государственное регулирование, стабилизирована. В течение последних шести недель подряд средний индекс цен на СЗПТ сохраняется на нулевом уровне. Сдерживание цен обеспечено за счет комплекса мер государственного регулирования и прямого насыщения рынка. В том числе заключения меморандумов с отечественными производителями по фиксации цен на ключевые позиции (соль, яйца, кар-

тофель, подсолнечное масло), введения запрета на вывоз живого скота и квотирования экспорта мяса КРС.

Для поддержки продукции отечественных товаропроизводителей Министерство торговли и интеграции расширило круг субъектов внутренней торговли, обязанных предоставлять не менее 30% полочного пространства под продовольственные и непродовольственные товары отечественного производства. С этого года требования распространяются не только на торговые сети, но и на всех субъектов внутренней торговли – порядка 760 тыс. хозяйствующих субъектов.

Для развития животноводства в 2026 году начнется реализация Комплексного плана развития отрасли. Документ предусматривает льготное кредитование оборотных средств по всем направлениям животноводства, финансирование приобретения племенного поголовья, развитие инфраструктуры отгонных пастбищ и меры по кадровому обеспечению отрасли.

«Уже в сентябре этого года начато финансирование программы льготного кредитования откормочных площадок. В целом в отрасль планируется направить не менее 200 млрд тенге кредитных средств. В дальнейшем объем финансирования будет увеличен», — сообщил Азат Султанов.

На заседании отмечен устойчивый рост производства продуктов питания с высокой импортозависимостью. За 11 месяцев 2025 года производство сыров и творога достигло 48,5 тыс. тонн (+8,7%), сахара – 142,2 тыс. тонн (+18%), мяса птицы – 337,1 тыс. тонн (+3,3%), колбасных изделий – 71,7 тыс. тонн (+6,9%), рыбной продукции – 65,2 тыс. тонн (+9,5%).

Для полного ухода от импортозависимости реализуются инвестиционные проекты. В птицеводстве запланирована реализация 8 крупных проектов общей мощностью 241 тыс.

тонн мяса в год на сумму 167,9 млрд тенге с завершением до 2028 года. В сахарной отрасли в 2026 году в Жамбылской области начнется строительство сахарного завода Zhongkai Guoyuan (Anhui) мощностью 8 тыс. тонн сырья в сутки. В Алматинской области подписано соглашение с инвестором Qazaq Arab Sugar о строительстве завода аналогичной мощности на первом этапе.

Для увеличения обеспеченности сырами, творогом и колбасными изделиями в 2026 году планируется реализация 10 проектов по переработке молока на сумму 35,1 млрд тенге и 14 проектов по переработке мяса на сумму 32,8 млрд тенге. Сырьевую базу обеспечат новые молочно-товарные фермы (МТФ), создаваемые в рамках тиражирования опыта Северо-Казахстанской области. Уже профинансированы 95 МТФ общей мощностью 540 тыс. тонн молока в год, из них 53 фермы введены в эксплуатацию.

Как было отмечено на заседании, экспорт продукции агропромышленного комплекса Казахстана продолжает расти. В растениеводстве объем экспорта в стоимостном выражении увеличился на 41,2% и составил \$2,3 млрд. Рост обеспечен за счет традиционных экспортных позиций – пшеницы, подсолнечного масла, кормов для животных, ячменя и семян льна. В животноводстве экспорт вырос на 25,7% и достиг \$222,6 млн.

Сохраняется устойчивый спрос на казахстанскую продукцию АПК на внешних рынках. Более 80% экспортных поставок формируется за счет топ-10 стран-импортеров, при этом ключевыми рынками остаются страны Центральной Азии, Китай и Россия, а также государства Ближнего Востока и Европы.

«Наша задача – не только укреплять позиции на традиционных рынках, но и последовательно рас-

ширять географию экспорта за счет выхода на новые перспективные направления», — отметила первый вице-министр торговли и интеграции Айжан Бижанова.

Для этого выстраивается внешняя торгово-логистическая инфраструктура и расширяются инструменты поддержки экспорта. Дополнительные условия для продвижения казахстанской продукции созданы за счет соглашений о свободной торговле ЕАЭС с рядом стран, включая ОАЭ, Монголию и Индонезию.

Финансовая и институциональная поддержка экспорта осуществляется через Экспортно-кредитное агентство и АО «QazTrade». С начала года поддержка экспортеров продукции АПК составила порядка 119 млрд тенге. Реализуются программы экспортной акселерации и торгово-экономические миссии, по итогам которых заключаются экспортные контракты.

Отдельно на заседании рассмотрены вопросы обеспечения внутреннего рынка нефтепродуктами. Разработана Концепция развития нефтеперерабатывающей отрасли на 2025–2040 гг., предусматривающая увеличение объемов переработки нефти с 18 до 30 млн тонн в год в 2025–2032 гг. и до 40 млн тонн к 2040 году.

По итогам заседания вице-премьер поручил Министерству энергетики совместно с холдингом «Байтерек» детально изучить потенциал развития углехимии для производства новых видов топлива и стратегически важных продуктов. Министерству сельского хозяйства поручено разработать план мероприятий по повышению эффективности использования земель сельхозназначения и мер господдержки с акцентом на встречные обязательства фермеров.

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА БОСАНҒАН АНАЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛДІ



Приозерск қаласында босанған аналарға мерекелік материалдық қолдау көрсетілді

Приозерск қаласының Ішкі саясат бөлімі 2025 жылы гендерлік саясат пен отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру аясында маңызды әлеуметтік жұмыстар атқарды

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен техникалық сипаттама шеңберінде Аналар күні, Әкелер күні, Қала күні, Қазақстан Республикасының

Конституциясы күні және Республика күні мерекелеріне орай босанған аналарға материалдық көмек көрсетілді. Қаражат аналардың жеке есеп-шоттарына тікелей аударылды.

Бұл шаралар отбасы институтын қолдауға, ана мен баланың мәртебесін арттыруға және отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған.

Приозерск қаласының
Ішкі саясат бөлім

2025 ЖЫЛ: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 10 БАСТЫ ЖЕТІСТІГІ

2025 жылы Қарағанды облысы еліміздің жетекші индустриялық өңірлерінің бірі ретіндегі позициясын одан әрі нығайтты. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 4,5 трлн теңгеден асып, 25 инвестициялық жоба іске қосылды. Нәтижесінде 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Әлеуметтік салада да айқын серпін бар: медицина мен білім беруді жаңғыртуға басымдық берілді.

Өңір үшін есте қалған, ауқымды мен маңызы зор он басты жетістікті назарға ұсынамыз.

1. Өнеркәсіп.

Саран қаласындағы индустриялық

аймақ қарқынды дамып келеді. Тұрмыстық техника зауыты Samsung маркалы теледидарлар мен кір жуғыш машиналарды шығара бастады. Машина жасау саласында да ірі жоба іске қосылды: жылына 10 мыңға дейін жүк және арнайы техника өндіретін Nowo зауыты жұмысын бастап, шамамен мың жаңа жұмыс орны құрылды.

2. Ауыл шаруашылығы.

Өңірді сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге және ет экспортын кеңейтуге бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Нұра ауданында жылына 9 мың тонна сүт өндіретін, 1100 басқа арналған тауарлы-сүт

фермасы іске қосылды. Ал Осакаров ауданында қуаты бірнеше есе жоғары — 6 мың басқа арналған, жылдық өндірісі 55 мың тоннаға дейін жететін кешен салынып жатыр.

Қарағанды облысынан жылқы етін жеткізуге Жапония қызығушылық танытты. Дайындық жұмыстары басталып, нақты ұсыныстар айтылды. Абай ауданындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорны аккредитациядан өтіп, жеке зертханасын ашты. Жобаны Ауыл шаруашылығы және Сауда министрліктері, сондай-ақ «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы қолдап отыр.

3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары кең ауқымда жүргізілуде. 148 шақырымнан астам су құбыры және 44 шақырым кәріз желілері салынып, қайта жаңғыртылды. 22 шақырым жылу желісі ауыстырылып, үш қазандық жаңартылды.

Орталық газбен қамту да басым бағыттардың бірі. Қарағанды, Теміртау және Шахтинск қалаларында 9589 үйге газ тарату желілері тартылды.

Қарағанды қаласының Шахтер кентінде көп жылдық мәселе шешімін тапты: шамамен 30 жыл бойы пешпен немесе электр қуатымен жылынған 58 көпқабатты тұрғын үй орталық жылу жүйесіне қосылды.

Биыл 61 ауылдың төрт мыңнан астам тұрғыны таза ауызсумен қамтылды. Оның 16-сында орталықтан-дырылған су жүйесі салынса, 45 ауылда кешенді блок-модульдер орнатылды.

4. Көлік инфрақұрылымы.

Қарағанды – Қарқаралы автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды. Қарағанды қаласында Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты байланыстыратын жаңа магистраль құрылысы жүріп жатыр, оның алғашқы бөлігі пайдалануға берілді. Бұқар жырау ауданының F. Мұстафин кентінде Нұра өзені арқылы өтетін жаңа көпір ашылып, Теміртауға дейінгі жол 40 шақырымнан 12 шақырымға қысқарды.

5. Ғылым.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне ұлттық университет мәртебесі берілді. Бұл — жоғары баға ғана емес, ғылым мен білімнің дамуына, академиялық еркіндік пен кәсіби өсіміге жол ашатын жаңа кезең.

6. Білім беру

«Келешек мектептері» жобасы аясында бес жаңа мектептің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар 40–50 жыл бұрын салынған білім беру ұйымдарын жаңғыртуға бағытталған реновация бағдарламасы басталды.

7. Денсаулық сақтау.

Медицина саласында ауқымды жаңғырту жүргізілді. Ауылдық жерлерде 66 жаңа нысан — амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер салынды, олардың 51-і қайтарылған активтер есебінен бой көтерді.

Жедел жәрдем автопаркі ұзақ жылдардан кейін алғаш рет толық жаңартылды: 113 арнайы көлік пен заманауи медициналық жабдықпен қамтылған екі реанимобиль сатып алынды. Х. Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада Қазақстанда алғаш рет нейрохирургиялық робот іске қосылды — жасанды интеллекті бар аппарат миға жасалатын аса күрделі операциялардың дәлдігін арттырады.

8. Инклюзияны дамыту.

Инклюзивті қоғам құру бағытында бірқатар әлеуметтік жобалар іске асты. Қарағандыда мүгедектер арбасын тегін жөндейтін сервис ашылды. Көпқабатты үйлерде тұратын арба қолданушыларға заманауи көтергіштер орнатылды. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында алғаш рет инклюзивті жасақ құрылып, менталдық ерекшелігі бар жасөспірімдер өзге қатарластарымен бірге еңбек етті. Қала әкімдігінің қолдауымен ашылған интеграциялық орталықта еліміздегі алғашқы инклюзивті дәмхана жұмысын бастады.

9. Спорт.

«Шахтёр» футбол клубы жекешелендіріліп, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жеке меншікке өтті. Облыс әкімдігі мен Freedom Holding Corp кәсіби футболды дамыту жөнінде меморандумға қол қойды. Жергілікті таланттарды даярлауға басымдық беріліп, футбол академиясының құрылысы басталды. Сондай-ақ Қарағандыда UEFA-4 санатындағы жаңа футбол стадионы салынбақ.

10. «Таза Қазақстан».

Экологиялық бастамалар да кең қолдау тапты. Қарағандының Орталық саябағында алма бағы пайда болды, 7 мыңнан астам ағаш пен бұта егілді. Облыс бойынша орман қоры ұлғайтылып, ең ауқымды жұмыстар Шахтинск маңында жүргізілді — 161 гектар аумаққа көшет егілді. Жалпы алғанда, биыл орман шаруашылықтары аумағында екі миллионнан астам жас шыбық егілді.

2025 жыл Қарағанды облысы үшін экономикалық қуат пен әлеуметтік жауапкершілік қатар өрбіген, даму бағыты айқындалған кезең ретінде есте қалды.

Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №1/183, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.